


**Тақырыбы: Қазақ  
халқының  
баспанасы-киіз үй  
құрылысымен  
және жиһаздарымен  
танысу .**

## Мақсаты:

1. Қазақ халқының баспанасы - киіз үй туралы жан-жақты мәлімет беру, жүйелі түрде өз пікірін айта білу.
2. Киіз үйдің құрылысын оқушыларға әр түрлі материалдардан жасауға бағыт бағдар беру арқылы шығармашылығын қалыптастыру, ой-өрістерін, өз еріктерімен ойларын айта білуді дамыту.
3. Эстетикалық талғамын қалыптастыру, Отанын сүю, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.






1. күлдіреуіш    2. шаңырақ    3. уық    4. кереге    5. маңдайша    6. сықырлауық  
7. табалдырық    8. босаға

**Мына сөздерді топтарға бөліп дұрыс орналастыр**

<b>Киіз үй құрылысы және бөліктері (сүйегі)</b>	<b>Киіз үй жиһаздары мен төсеніштері</b>	<b>Киіз үй жабдықтары</b>
<b>Уық, кереге, бақан, күлдіреуіш, маңдайша, босаға, табалдырық,</b>	<b>сандық, жүкаяқ, әбдіре, домбыра, ағаш төсек,</b>	<b>түндік, кілем, ши, шашақбау, басқұр, жабу киіз, үзік бау, сырмақ т.б.</b>


**Уық, кереге, сандық, жүкаяқ, түндік, бақан, күлдіреуіш, әбдіре, Кілем, ши, маңдайша, босаға, жабу киіз, үзік бау, домбыра, шашақбау, табалдырық, ағаш төсек, басқұр, сырмақ т.б.**

The image shows two individuals, likely women, engaged in the traditional craft of wool spinning. They are seated on the ground, operating a large, horizontal wooden spinning wheel. The person on the left is wearing a green and white patterned dress and a white headscarf. The person on the right is wearing a blue and red patterned dress and a blue headscarf. In the background, a large, conical thatched roof made of dried reeds or straw is visible, suggesting a rural or nomadic setting. The text is overlaid on the image in a bold, white font with a black outline.

**Тез жығылып, тез  
тігілетін киіз үй түйе мен  
атқа арту арқылы жеңіл  
көшіріледі**


# Киіз үйдің сүйегінің бөлшектерімен танысу, киіз үй жиһаздары





Уықты керегеге  
байлау


**Шаңырақ – киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі. Оның пішіні күмбез тәріздес, ол уықтардың ұштарын біріктіріп ұстап тұрады. Шаңырақ бірнеше бөлшектерден тұрады:**



### **Шаңырақ**


**1 – тоғын, ол шаңырақтың негізі. Қатты ағаштан жасалып, өрнектеледі. 2 – күлдіреуіш. Сәмбі талынан иіліп жасалады. Әр иінде 3 күлдіреуіштен 8-ге дейін болады. 3 – беріктік. Ол күлдіреуіштер ыдырап кетпеу үшін орнатылады, өрнектеледі. 4 – шаңырақтың көзі. Оған уықтың қаламы кіріп тұрады. Тоғын мен беріктікті шаңырақтың ішкі жағынан өрнектейді.**





## **Уық**

Уықтың бойында бірнеше атаулы бөліктер бар. **1.**Уықтың керегеге байланатын ұшын «доғалай» дейді. **5.**Доғалайды тесіп, қайыстан уықбау тағады. **2.**Уықтың иілген жерін иығы дейді. **3.**Шаңырақ пен иықтың арасын уықтың қары деп атайды. **4.**Ал шаңырақтың көзіне қадайтын ұшын қаламы деп атайды.



### *Кереге*

Сонда бір қанат кереге 14 ерістен, 9 балашықтан, 9 сағанақтан құралады. Желілердің қиылысқанынан пайда болған торды «көз» деп атайды. Ал оны көлеміне қарай «желкөз», «торкөз» деп екі түрге бөледі.